Ақтөбе облысының білім басқармасы
«Хромтау ауданының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің
«№3 Хромтау орта мектебі»
Коммуналдық мемлекеттік мекемесі

031100, Хромтау қаласы
Абай даңғылы 7үй
факс:21-6-81
тел: 21-6-81
E-mail: hssh3@mail.ru

«Хромтауская средняя школа №3
государственного учреждения
«Отдел образования
Хромтауского района
Управления образования
Актюбинской области»

031100, город Хромтау
Проспект Абая,дом 7
факс: 21-6-81
тел: 21-6-81
E-mail: hssh3@mail.ru

БҰЙРЫҚ №21 Н/Қ
17.01.2025ж.
№3 Хромтау орта мектебі

«Тарих пәнінің берілу жағдайын зерделеу туралы»

2024-2025 оқу жылындағы мектепішілік бақылау жоспарына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2025 жылдың 20-24 қаңтар күндері аралығында тарих пәнінің берілу жағдайын зерделеу /5-9 кл./ жүргізілсін.

2. Тарих пәнінің берілу жағдайын зерделеу /5-9 кл./ қорытындысы 2025 жылдың қаңтар айында директор орынбасарлары жанындағы кеңес отырысында талқылансын.

Осы бұйрықтың орындау жауапкершілігі директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары М.Е. Ермахановаға, Г.К.Туякбаеваға жүктелсін.

№3 Хромтау орта мектебі директорының м.а. М.Е.Ермаханова

Сканировано с CamScanner

Сканировано с CamScanner

Тарих пәнінің оқытылуын зерделеу

/5-9 сынып/

Тексеру мақсаты: 5-9 сыныптар бойынша тарих пәнінің оқытылуын зерделеу.

Тексеру барысы: Сабақтарға қатысу, мұғалімнің күнтізбелік, күнделікті сабақ жоспарларының сынып журналымен сәйкестігін тексеру.

Тексеру мерзімі: 20-24 қаңтар 2025жыл.

2024-2025 оқу жылында мектепішілік бақылау жоспарына сәйкес 5-9 сыныптардың тарих пәнінің оқытылуы қаралды. Сабақтарға қатысу, мұғалімнің күнтізбелік, күнделікті сабақ жоспарларының журналмен сәйкестігі тексерілді.

2024-2025 оқу жылында 5-9 сыныптарда тарих пәнінен 4 мұғалім сабақ береді.

№	Мұғалімнің аты-жөні	Санаты	Сабақ беретін сыныптары	Сағат саны /5-9 кл./
1	Казбаева Ш.К.	Зерттеуші	5а,ә,б;	9 сағат
2	Иманбаева Д.Е.	Сарапшы		
3	Куанышбаева Д.С.	Сарапшы	6а,ә,б,в;	12 сағат
4	Баймуратова Г.А.	Зерттеуші		

1. Куанышбаева Д.С. – жоғары білімді тарих пәнінің мұғалімі. Санаты сарапшы. Сабақ беретін сыныптары – 6а, ә, б, в. Сағат саны – 9.

23-қаңтар күні 6 «Ә» сыныбындағы дүниежүзі тарихы сабағына қатыстым. Сабаққа 13 оқушы қатысты. Сабақтың тақырыбы: «Юнлэ мен Токугава билігі Батыс билеушілерінің билігіндей шексіз болды ма?»

Сабақ мақсаты: 6.3.1.2 Батыс пен Шығыстағы монархия формаларын (сословиелік-өкілдік және шексіз билік) ажырату; 6.3.1.5 саяси биліктің ерекшеліктерін анықтау үшін әр түрлі елдердің билеушілерінің қызметін салыстыру

1.Ұйымдастыру кезеңі: Қызығушылығын ояту. Үй тапсырмасы ұлттық құндылықтарды дәріптеу негізінде киіз үй мен Алтын адам бейнесі бар тапсырмалар жазылған үлестірме қағаздар беріліп, оқушылар қызықты жауаптарымен бөлісті.

2. Оқушыларға жаңа сабақтың тақырыбы мен мақсаты таныстырылып өтілді. Жаңа тақырыпты меңгерту слайд арқылы жүзеге асырылды. Оқушылар картамен жұмыс жасады.

3.Оқушыларға мәтін беріліп, мәтіннен игерген мәліметтерді пайдалана отырып, оқулықтар кз сайтындағы төмендегі тапсырмалар орындалды:

1.Тарихи ұғымдар мен олардың мазмұнын сәйкестендір.

2.XIV–XVI ғасырлардағы Қытай әулеттерінің тізімін жаса.

3.Тест сұрақтарына жауап бер.


4.Тарихи диктант. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді жазып, сөйлемді аяқта.

5.Термин сөздермен жұмыс.


6.XVI–XVII ғасырлардағы Қытайда дамыған өндіріс салаларын кестеге жаз.


Оқушылар сайт тапсырмаларын аса белсенділікпен, қызығушылықпен орындады. Кері байланыс: Дереккөзімен бөліс әдісі арқылы жүзеге асырылды. Деректі сәйкестендіре отырып, сыныптастарымен бөліседі. Сабақ қорытындыланып, үйге тапсырма берілді. Сабаққа белсенді қатысқан оқушылар бағаланды. Жалпы сынып тарих сабағына белсенді қатысып отырды.

Сканировано с CamScanner



2. Казбаева Ш.К. - жоғары білімді тарих пәні мұғалімі. Санаты – зерттеуші. Сабақ беретін сыныптары – 5а, ә, б. сағат саны – 12. Күнтізбелік сабақ жоспары мен электрондық журналдағы тақырыптар сәйкес келеді. 5а сыныбында «Үйсіндер туралы жазба деректер» тақырыбындағы сабағына қатыстым. Сабақты ұйымдастыру бөлімінде «Үйсіндер» туралы бейнеролик көрсетіліп, оқушылар өз ойларын ортаға салды. Оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында сабақта топтық және жеке тапсырмалар берілді. Оқушылар сабаққа өте жақсы қатысып отырды. Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас жақсы қалыптасқан, өз бетімен жұмыстану байқалды. Сабақ барысында бірнеше әдістер / «Ой қозғау», «Миға шабуыл», т.б/ қолданылды. АКТ қолданды. «Үшбұрыш» әдісі арқылы кері байланыс алынып, оқушылар бағаланды.





3. Иманбаева Д.Е. – жоғары білімді тарих пәнінің мұғалімі. Санаты сарапшы. Сабақ беретін сыныптары – 7а, ә, в; 8а, ә Сағат саны – 15.

7 «А» сыныбында өткен «Қазақстанның Ресей империясына қосылуының аяқталуы» тақырыбындағы сабағына қатыстым.

Сабақ мақсаты: 7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау;


7.3.2.2 Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау.

Ұйымдастыру кезеңі: Үй тапсырмасы ауызша сұралды. Қызығушылығын ояту. Ой шақыру. Тақырыпқа шығу. Өлең жолдары арқылы оқушылардың зейіні жаңа сабақты анықтауға аударылды. Сабақтың тақырыбы, оқу мақсаттары мен бағалау критерийлері таныстырылды. Жаңа тақырыпты меңгерту слайд арқылы жүзеге асырылды. Оқушылар картамен, бейнематериалмен жұмыс жасады.

Оқушыларға мәтін беріліп, мәтіннен игерген мәліметтерді талқылап, зерттеп, талдады. Сабақ барысында оқушылар тапсырмаларын аса белсенділікпен,

қызығушылықпен орындады. Сабақ соңында кері байланыс алынып, бағаланып, үй тарсырмасы берілді.

Күнтізбелік сабақ жоспары мен журналдарындағы тақырыптар сәйкес келеді. Күнтізбелік сабақ жоспарлары бар. Журналда оқушылар бағаланған, бағалау нормасы сақталған. Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас қалыптасқан.



Қазақстан тарихы пәні бойынша білім сапасы
2-тоқсан 2024-2025 оқу жылы

Мұғалімнің аты-жөні	Пәні	Кл	Бала саны	5	4	3	1 тоқсан	Бала саны	5	4	3	2 тоқсан	Айырма
Казбаева Ш.К.	Қазақстан тарихы	5 а	25	8	9	8	68%	25	4	12	9	64%	-4
Казбаева Ш.К.	Қазақстан тарихы	5 ә	25	6	10	9	64%	25	5	12	8	68%	+4
Казбаева Ш.К.	Қазақстан тарихы	5 б	24	5	12	7	71%	25	5	14	6	76%	+5
жалпы		**5 кл**	**74**	**19**	**31**	**24**	**68%**	**75**	**14**	**38**	**23**	**69%**	
Куанышбаева Д.С.	Қазақстан тарихы	6 а	22	6	8	8	63%	22	6	10	6	72%	+9
Куанышбаева Д.С.	Қазақстан тарихы	6 ә	19	5	6	7	57%	18	5	6	6	64%	+7
Куанышбаева Д.С.	Қазақстан тарихы	6 б	20	7	7	6	70%	19	8	6	5	73%	+3
Куанышбаева Д.С.	Қазақстан тарихы	6 в	20	4	9	7	65%	19	4	8	7	63%	-2
жалпы		**6 кл**	**81**	**22**	**30**	**28**	**64%**	**78**	**23**	**30**	**24**	**68%**	
Иманбаева Д. /Куанышбаева Д./	Қазақстан тарихы	7 а	22	7	9	6	72%	21	7	8	6	71%	-1
Иманбаева Д. /Баймуратова Г/	Қазақстан тарихы	7 ә	20	3	12	5	75%	19	1	13	4	78%	+3
Баймуратова Г.	Қазақстан тарихы	7 б	20	5	9	6	70%	20	5	10	5	75%	+5
Иманбаева Д. /Куанышбаева Д./	Қазақстан тарихы	7 в	19	2	10	7	63%	19	2	10	7	63%	0
жалпы		**7 кл**	**81**	**17**	**40**	**24**	**70%**	**79**	**15**	**41**	**22**	**72%**	
Иманбаева Д. /Иманов Н/	Қазақстан тарихы	8 а	22	3	12	7	68%	22	3	12	7	68%	0
Иманбаева Д. /Баймуратова Г/	Қазақстан тарихы	8 ә	23	5	9	9	60%	23	5	9	9	61%	+1
Казбаева Ш.К.	Қазақстан тарихы	8 б	22	1	14	7	68%	22	1	14	7	68%	0
Казбаева Ш.К.	Қазақстан тарихы	8 в	24	2	16	6	75%	24	1	14	9	62%	-13
жалпы		**8 кл**	**91**	**11**	**51**	**29**	**68%**	**91**	**10**	**49**	**32**	**65%**	
Казбаева Ш.К.	Қазақстан тарихы	9 а	17	3	8	6	65%	17	4	7	6	64%	-1
Баймуратова Г.	Қазақстан тарихы	9 ә	19	4	9	6	68%	18	5	8	5	72%	+4
Баймуратова Г.	Қазақстан тарихы	9 б	19	7	5	7	63%	16	5	5	6	63%	0
Баймуратова Г.	Қазақстан тарихы	9 в	19	3	11	5	74%	18	4	9	5	72%	-2
жалпы		**9 кл**	**74**	**17**	**33**	**24**	**68%**	**69**	**18**	**29**	**22**	**68%**	

Қорытынды:
1. Тарих пәні сабақтарының жүргізілу сапасы жақсы

Ұсыныс:
1. Үлгерімі төмен оқушыларға жеке тапсырмалар беру.

Сканировано с CamScanner